

ГРЕК ӘДЕБИЕТІ

Грек әдебиеті грек халқының құл иелену заманында туған, Еуропадағы ең көне әдебиет.

МАЗМҰНЫ:

- Архаикалық кезең
- Екінші кезең
- Үшінші кезең
- Төртінші кезең
- Ежелгі грек
мифологиясы

I. АРХАЙКАЛЫҚ КЕЗЕҢ

II. ЕКІНШІ КЕЗЕҢ

Антикалық әдебиеті дамуының бірінші кезеңі – архайкалық кезең (б.д.б. V ғ. басы). Бұл кезеңге халықтың ауыз әдебиеті жатады.

Біздің заманымызға дейін антикалық ауыз әдебиетінің үлгілері жеткен жоқ. Бұл кезеңнен тек қана б.з.д. VI ғ. жазылған грек әдебиетінің екі ұлы ескерткіші – «Илиада» және «Одиссея» поэмалары сақталды.

Антикалық кезең (б.д.б. V-VI ғ.) – грек классикалық әдебиетінің құрылуы мен гүлденуі. Бұл кезең классикалық кезең деп те аталады.

Осы кезеңде лирика, драма, прозаның көп түрі дүниеге келген.

Екінші кезеңге грек философтарының, тарихшы, шешендердің еңбектері жатады.

III. ҮШІНШІ КЕЗЕҢ

**ЭЛЛИНИСТИКАЛЫҚ КЕЗЕҢ (Б.Д.Б. IV-I Ғ.) –
АНТИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТТІҢ ЭЛЛИНИСТИКАЛЫҚ
КЕЗЕҢІ.**

Төртінші кезең

Римдік кезеңге (б.д.б. I ғ. аяғы) рим әдебиеті де кіреді, сол себепті бұл кезеңді римдік кезең деп атайды.

Гректердің мифологиялық образдар мен сюжеттерді мол пайдалануы грек әдебиетінде алуан жанрлардың тууына негіз болды. Көне дәуірде яғни б.ғ.д. 97 ж. құл иеленушілік пайда болған кезден бастап грек халқының өмірі түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Оның әдебиеті туып, өркен жая бастады. Алайда, грек мифологиясы әдебиетінің негізгі арқауы болып қала берді. Бұл кезеңнің ұлы ескерткіштері - «Илиада» мен «Одиссея». Ру - тайпалық қарым-қатынастардың күйреу кезінде Гесиодтың (8-7ғ.) дидактикалық поэмасы «Теогония» (құдайлардың тегі) туды. Бұл дәуірде лирика жетекшілік роль атқарды. Б.з.д. 6 ғасырда Анаксимандр, Анаксимин, Гераклит сияқты философтар сөздерінің ой-пікірлерін прозалық трактат түрінде жазды. Өмірде болғанды хроника жолымен хабарлау – тарихнаманы, ал өмір көрінісін фольклорлық сыңайда баяндау - новелланы туғызды. Құл Эзопқа байланысты аңыз-әңгімелер – осының бір көрінісі. Эзоп тек прозалық фольклордың негізгі кейіпкері ғана емес сонымен қатар талай мәнді де құмарлы мысалдардың авторы болды деген жорамал бар.

Ежелгі грек әдебиетінің ең бір гүлденген шағы Аттика дәуірі, бұл кезде яғни 5-4 ғ. Афина мәдени биігіне көтерілді. Осы кезеңде Эсхил өзінің «Парсылар», «Орестея», «Данаиды», «Прометей» сияқты шығармаларымен трагедия жанрының шоқтығын көтерсе, Софокл «Антигона», «Филоктет», «Эдип патша» арқылы драма жанрын қалыптастырды. Сол дәуірдің үлкен тұлғасы Еврипидтің «Медея», «Ипполит», «Геракл» т.б. шығармаларында адамның іс-әрекетін, күйініш-сүйінішін көрсетті.

ЕЖЕЛГІ ГРЕК МИФОЛОГИЯСЫ

Эгей теңізі аймағында ежелгі тұрғындарының ой-санасында барша табиғат күштері мен құбылыстары аса күдіретті, мәңгі жасайтын тіршілік иелері құдайлар кейпінде бейнеленіп, адам баласына тән барлық сезімдермен (қуаныш, қайғы, ашу-ыза, қызғаныш, өшпенділік т.б.) керемет кіршіксіз адамдар түрінде елестеген. Ежелгі грек мифтері ішінара тәңірілік әрекеттер туралы баяндаса, ішінара ғажайып күдірет-күш, ептілік пен батылдық дарыған әр алуан ерлі-зайыпты құдайлар ұрпағы есептелетін қаһармандардың ерліктері мен бастан кешкен оқиғаларын суреттеуге арналған. Жерорта теңізі әлемі халықтарының арасында кеңінен тараған бұл бағзы хикаялар мен аңыздарды римдіктер де пайдаланған. Жаңа дәуірде ол хикая аңыздар ежелгі грек мифологиясы дейтін ортақ атаққа ие болды. Гректер құдайлар Грекияның ең биік тауы Олимпте тұрады деп сенді. Оларды Олимп құдайлары деп атады (Зевс және негізгі құдайлар). Гректер Олимптегі құдайлар тұрмысын шонжарлардың тұрмысына ұқсатты. Шонжарлар тайпаларды қалай басқарса, Зевс бастаған «Олимпиялықтар» адамдар мен табиғатты солай басқарды. Құдайлар да мансапқор, қатал, кекшіл келеді-міс. Құдайлар біреуді бай әрі шонжар, енді біреуді кедей, тағы біреуді құл етіп жаратқан. Кімде-кім құдайлар орнатқан тәртіпке қарсы шықса, ол адам құдайлардың қаһары мен аяусыз жазаға ұшырайды-мыс. «Бұлт айдаушы» Зевстің еркімен жаңбыр жауады немесе қуаңшылық болады. Өзін ашуландырған адамдар мен құдайларды күдіретті Зевс алтын жебелермен – жай оғымен жайратады-мыс. Гректер «Жерді тербетуші» – теңіз құдайы Посейдоннан қаһарлы Зевстен кем қырықпаған. Посейдон өзінің үш тісті орасан зор найзасымен жерді сілкінітіп, теңізге алапат дауыл тұрғызып, кемелерді суға батырып жібереді.

Күн құдайы Гелиос ақша қардай аппақ аттар жегілген алтын арбасымен аспанда жүріп өткенде күн туады-мыс. Жарық пен өнердің құдайы – Аполлон.

Күзде өсімдіктердің қурауы мен көктемде табиғаттың жандануы құнарлылықтың әйел құдайы Артемидаға байланысты болған.

Адам өлген соң, оның жаны жер асты патшалығының әміршісі қатыгез Аид билік ететін, өлген адамдардың қапас жер асты патшалығына түседі-міс. Аидтың аяғының астында үш басты төбет отырады, ол жер асты патшалығына келгендерді кіргізеді де, бірақ одан ешкімді де шығармайтын болған.

Гректер басты құдайларды мәңгі өлмейтін, сұлу, тұлғалы, алып адам бейнесінде елестетті. Ал орман құдайлары сатырларды үсті-бастары жүн басқан ешкі аяқты, ешкі құлақты адамдарға ұқсатты. Бұлақтардың әйел құдайларын қыз түрінде бейнелеп нимфалар деп атады. Шаруашылықтың әр саласының, егіншіліктің, мал шаруашылығының, аңшылықтың, қол өнердің әрқайсысының қамқоршы құдайлары бар деп саналды. Шарап жасау ісінің құдайы Дионис адамдарға жүзім өсіріп, шарап жасауды үйретсе керек. Оның құрметіне мейрамдар өткізіліп отырған. Гректер металл өңдеуді игере бастаған кезде ұсталардың жарылқаушысы – Гефест құдай туралы аңыз шықты. Гефест жер астындағы ұстаханада өзі жұмыс істейді екен. От пен түтін атқылап жатқан жанар таулар оның жер астындағы ұстаханасынан шығады. Гефест үстіне қолөнершілердің қарапайым киімін киеді, беті-қолы қап-қара, күйе болып жүреді-міс. Саудасаттықтың өркен жаюына байланысты оның жарылқаушысы – Гермес құдай пайда болды. Ол Зевстің тапсырмасын орындап, бір қаладан екінші қалаға ұшып жүрген. Сондықтан көбіне ол сандал, қалпақ киген қанатты адам кейпінде бейнеленген.

Зевстің әйелі Гера – неке, ана мен баланың қамқоршысы. Артемида – аңшылық құдайы, Аполлон – өнер, жарық құдайы, Афродита – сұлулық, махаббат құдайы, Арес – соғыс құдайы, Афина – қалалардың қамқоршысы, Тюхэ – бақыт құдайы, Ника – жеңіс құдайы, Фемида – заңдарды сақтаушы құдай, Мойралар – тағдыр құдайлары, өлім құдайы – Танат, ұйқы құдайы – Гипнос, Пан – орман құдайы, табиғаттың қамқоршысы, Эрида – араздық құдайы т.б.. Антикалық шығармаларда мифтік әңгімелер жиі кездеседі, әсіресе грек өнерінің көптеген шығармаларында құдайлар мен қаһармандар образы бейнеленген. Антикалық грек-рим мәдениеті осы заманғы барлық еуропалық халықтардың мәдени дамуына өте күшті ықпал жасады. Грек жазуы көптеген алфавиттерге негіз болды. Гректің толып жатқан сөздері қазіргі тілдерге де енді: «школа», «арифметика», «театр», «хор», история» т.б. Күнделікті әңгімеде ескі грек мифологиясынан алынған есімдер, атаулар, бейнелі сөздер жиі қолданылады: «титандық күрес», «молшылық мүйізі», «бүлік алмасы», «олимпиялық жайбарақаттық», «ахиллес өкшесі», «тантал азабы», «сизиф еңбегі» т.б. Грек есімдері – Петр – «тас», Алексей – «қорғаушы», Георгий – «егінші», Галина – «желсіз тымық теңіз айдыны». Қазіргі астрономиядағы көптеген планеталардың, жұлдыздар мен тұтас жұлдыздар шоғырларының аттары антикалық мифологиядан алынған.

СОФОКЛ

Софокл (б.з.д. V ғ.). Грекияның ұлы ақыны Софокл б.з.д. 496 жылы Афиныда дүниеге келіп, б.з.д. 406 жылы қайтыс болған. Белгілі адамның отбасында дүниеге келіп, жақсы тәрбие алған Софокл, бала кезінен грек поэзиясын жаттап өседі. Ол Гомерден бастап, Эсхилге дейінгі грек поэзиясын сүйіп оқиды. Софокл 16 жасында грек жерінде болған Саламин шайқасында жеңісті дәріптейтін жастардың хорын ұйымдастырады. Ол өзінің музыкаға деген ынтасымен де ерекшеленеді. Софокл өз трагедияларының әуенін сомдайды. Осындай таланттың иесі болған Софокл еңбексүйгіштік қасиетімен де ерекшеленген. Ол өз заманының ұлы ақыны ғана болып қоймай, сонымен бірге мемлекеттік қызметтер де атқарған.

Деректерге сүйенсек Софоклдың 123 шығармасы бар делінеді. Бізге жеткені — 7. Олар: «Аякс», «Трахинянки», «Антигона», «Эдип патша», «Электра», «Филоктет», «Эдип Колонда» трагедиялары. Бұл трагедиялардың дәл қай уақытта жазылғаны белгісіз.

Софокл трагедияларында өзі өмір сүрген заманының проблемаларын басты мәселе етіп қояды. Олар адамдардың дінге және құдайға деген көзқарасы, заң туралы, жеке адамдардың қызығушылықтары, адамдардың және құдайлардың еркіндігі, мейірімділік пен ар мәселесі т.б. Софоклдың ойынша, адам өзін ертеңгі күні не күтіп тұрғанын болжауы мүмкін емес. Ол тек қана жаратушы құдайдың қолындағы іс дейді.

Дарынды ақын — артына осындай ұлы мұралар қалдырған тұлға. Б.з.д. IV ғасырда Софоклдың трагедиялары Дионисийдің репертуарына енген. Афины театрында Софоклдың құрметіне ескерткіш орнатылған.

ЕВРИПИД

Еврипид (б.з.д. 484-406 ж.). Еврипид – атақты көне грек драматургы. Ол драматургияның трагедия жанрын қалыптастырған үш драматургтың бірі болып табылады. Эсхил трагедияға екінші кейіпкері енгізсе, Софокл диалогтардың көлемін үлкейтіп, үшінші кейіпкерді енгізді. Ал Еврипид болса, трагедияның карама-қайшылық туғызған мәселелерін және кейіпкерлердің мінез-құлқын толығымен қарастырды.

Еврипидтің жаңалықтары (реалистік ойлар) көрермендерге түсініксіз болып қалатын. Б.з.д. 405 ж., Еврипид дүниеден өткеннен кейін Афиныда Аристофанның Еврипид шығармаларының идеялық негізін және бейнелеу құралдарын қатты сынға алған «Бақалар» атты комедиясы елге әйгілі бола бастайды. Аристофан Еврипид драматургиясы мен Эсхил шығармаларын салыстыра отырып: «Егер Эсхил трагедиялары адамдарды тәрбиелесе, Еврипид шығармалары оларды «бұзады»» дейді. Еврипид көзі тірісінде атақты шығармалары толығымен драматургиялық қағидаларға сай болған. Софокл мен Эсхилдің танымалдылығымен қатар тұра алмайды. Көпшілік Еврипид шығармашылығын ол дүниеден өткеннен кейін ғана шыңдап бағалай бастайды. Б.з.д. V ғасырда Рим Империясы құлағанға дейін Еврипид антикалық дәуірдің ең атақты және танымал драматургы болып саналады. Оның шығармалары антикалық тұрмыс комедияларының қалыптасуына, Рим трагедияларының құрылымына орасан зор ықпал етті.

Еврипид 18 жасынан бастап трагедиялар жазумен айналыса бастады деген деректер бар. Еврипидтің өзі сахнада ойын көрсетпеген және шығармаларына әуенді арнайы музыканттарға тапсырысқа беріп отырған. Еврипидтің 17 трагедиясы жеткен

Еврипидтің сақталған барлық пьесалары көне Эллада өмірінің барлық аспектілеріне үлкен әсерін тигізген Афины мен Спарта арасындағы Пелопенес соғысы (б.з.д. 431-404 ж.) кезінде жазылған.

Еврипид шығармаларының бірінші ерекшелігі — сол заман қажеттілігі: ерлік-батырлық сарыны. Спартаға деген дұшпандық қарым-қатынас, антикалық құлиеленушілік демократияның дағдарысы, материалдық философияның карқынды дамуымен байланысты діни сананың бірінші дағдарысы және т.б. Сонымен қатар, әсіресе, Еврипидтің аңызға деген қарым-қатынасын айтуға болады. Аңыз драматург үшін күнделікті өмірді бейнелейтін құрал болып табылады, ол классикалық аңыздың тек қосалқы бөлшектерін ғана өзгертпейді, сондай-ақ танымал сюжеттердің тиімді түсіндірмелерін берген. Еврипидте адамдарға қарағанда (Ипполит, Геракл т.б.) құдайлар кекшіл, қатал, зұлым болып келеді.

Еврипидтің басты жаңалығы – адамдардың мінез-құлқын бейнелеу. Бұл оған деген замандастарының қарсылығын туғызады. «Адамдар қандай болу керек» деген драматург көзқарасымен, Эсхилде титандар, Софоклда идеал кейіпкерлер болды. Ал Аристотель «Поэтикасында» Еврипид адамдар өмірінде қандай болса, сахнаға да дәл сондай қылып шығарды деген. Еврипидтің басты кейіпкерлері, әсіресе, басты рөлдегі әйелдер толық образға ие бола алмайды, олардың мінездері қиын әрі қарама-қайшылығы көп, ал сезімдері, құмарлықтары, ойлары бір-бірімен тығыз байланысады. Еврипид трагедиялық образ мінездерін көпқырлылықпен өрнектеді, көрермендерді қобалжудан қорқынышқа дейінгі қиын сезім иірімдеріне батырып, қатты толқытты. Мысалы, бір ғана тақырыптағы Медеяның адам төзгісіз азаптары оны қанішер жауыздыққа итермелейді, сондықтан туған балаларын өлтірсе де, Медея өкініш сезімін бастан кешпейді.

Орта ғасырларда Еврипид шығармашылығы басқа да антика өнерлері сияқты ұмыт қалады. Оның драматургиясына деген жаңа қызығушылық толқыны Қайта өрлеу дәуірінен пайда болады.

АРИСТОФАН

Аристофан (б.з.д. V ғ.). Көне грек көркем әдебиетінің негізін салушылардың бірі — Аристофанды бүкіл дүниежүзі комедия жанрының атасы ретінде біледі. Өкінішке орай, бізге Аристофан өмірінен жеткен мәлімет өте аз. Аристофан б.з.д. 445 жылы дүниеге келген. Ол — ертедегі антикалық комедия өнерінің дамуына үлкен үлес қосқан тұлға.

Жас кезінде Эгин бұғазында жұмыс істеп, әскери қызмет атқарады. Оның шығармалары: «Қарақшылық», «Вавилонда», «Ахарнях»[10], «Байлық» атты комедиясы, б.з.д. 388 ж. сахнаға қойылады. Бұдан кейін «Конад», «Эолосинион» оның ұлы Арардың атымен қойылады, бірақ бұл туындылар белгісіз болып қалды. Аристофан 40 аса комедия жазған, соның 11 ғана жеткен.

Оның «Алма», «Кұстар» және басқа да бірқатар шығармаларында басынан аяғына дейін тұнып тұрған тәлім-тәрбие, адамдарды адамгершілікке баулу мәселесі қозғалып, автордың айтар ойынан ізгілік исі аңқып тұрады. Аристофанның ең маңызды сатиралары — әдеби пародияға өте ұқсас. Комедиялық образдардан жазушының өз характерін, көркемдік бейнесін толық аңғаруымызға болады. Ең керемет бейне ретінде «Бағбаншы» комедиясындағы ролін Аристофан өзі ойнап шығады. Аристофан сомдаған Клеон ролін ең ұятсыз, өтірікші, адам өлтіруші, елінің сенімін ақтамаған, байлардың зәресін алушы, өмірге қауіпті адам ретінде әр азаматты кінәлаған демократияға қарсы дұшпан ретінде ойнайды. Аристофан өмірде болған, көзімен көрген жайттарды ғана қағаз бетіне түсіріп отырған. Сондықтан оның барлық шығармаларынан тарихи дәлдікті аңғарамыз. Аристофан комедиялары тез, шапшаң оқылуымен, оқиғасының мәнділігімен, сюжетінің саздылығымен, тақырыбының алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Комедияларының басты кейіпкерлері қай уақытта болсын табан астында тауып айтылған әзілдің арқасында қиыннан жол тауып кетіп отырады. Әлем әдебиетінде Аристофан Платоннан кейінгі ұлы ізбасар ретінде танылған.

АРХИЛОХ

Архилох (б.з.д. VII — VI ғ.). Архилох – көне грек әдебиетінің танымал ақыны. Халыққа танымал еткен оның ямбтары мен элегиялары. Ол — Парос аралының тұрғыны, Телесикл атты аристократтың күңнен туған баласы. Өскеннен кейін атасы жарлығымен жалданбалы жауынгер болып Фасос аралына, кейін Фракияға, Эвбей аралына Грекияға да барады.

Ол жауынгер ақын ретінде ретінде өзін соғыс құдайы Арес пен өнер падишалары — музаларға қызмет етемін деп есептейді.

Ұлы ақынның 100 шақты керемет ямбтары, трохей және элегиялық өлеңдері ғана жеткен. Оның өлеңдерінің тақырыптары әр түрлі болды. Ол мысал өлеңдер де жазған. Осы мысал өлеңдерінің ішінде кең таралған Гераклге арналған әнұраны Олимпиадалық ойындарда айтылды.

Грек халқы оның шығармашылығын атақты Гомермен қатар қойды. Архилох жаңа жанрдың негізін қалаушы саналған. Архилох шығармашылығы — ащы мысқылға, өткір сынға толы туындылар.

САПФО

Сапфо (б.з.д. VII ғ. не VI ғ.). Сапфо — (кейде Сафо, Саффо) атақты ақын, лесбостық лириканың өкілі. Атақты Алкейдің жерлесі мен замандасы. Лесбос аралындағы тартыс кезінде ақсүйек ретінде демократтармен бірге қуғындалып, уақытша Сицилияға қашуға мәжбүр болады. Деректерге сүйенсек, оның бір қызы болған, ал өзі әбден қартайған шағында дүниеден өткен. Сапфо негізінен үйлену әнұрандарын, өлеңдерін және тағы мелостық туындылар жазған. Сапфо өлеңдері көңіл-күй лирикасының шегінен шығып кетеді. Бұл көңілдің суреті тіл жетпес керемет сұлулық арқылы беріледі. Бұл қадам лесбостық ақын-қызға үлкен данқ әкеледі. Ежелде Сапфоның 8 кітабы белгілі болған. Бірінші кітабы 1320 өлеңнен (330 шумақ) тұрған. Толығымен бізге төрт өлеңі ғана жеткен.

Махаббат — Сапфо поэзиясының басты тақырыбы. Ақын бар күш-қуатымен махаббатты жырға қосады. Мұнда тұтас бір сезім мен түйсіктің тұтасқан симфониясы жатыр. Тылсым табиғаттың сиқырлары да Сапфо поэзиясына асқақ сезімге толы көңіл-күй сыйлайды. Ақынды тәтті сезімнің құшағына жетелейді. Оның шығармаларында эпифаламиялар, яғни кештерде айтылатын үйлену әндері ерекше орын алады.

Сапфо — өз заманының керемет шебер ақыны. Ол мәңгілік таусылмайтын махаббат тақырыбын жете меңгерген. Оның «Афродитаға» арналған әнұраны, «Меніңше ол өлмейді, ол — құдай» (ауд. Ф.Е. Карш). «Мен сәндіні сүйемін...» (ауд. Ф.Е. Карш), «Меніңше, қоштасудан ажал жеңіл...» (ауд. Ф.Е. Карш), «Алкейге жауап» секілді эпифаламиялары грек әдебиетінің мол мұрасы.

ФЕОКРИТ

Феокрит (б.з.д. III ғ.). Феокрит Сиракуз аралында б.з.д. 300 жылы дүниеге келген деген болжам бар. Бірқатар шығармаларында ақын Птоломей II Филадельф патшаның кең пейілдігін, Береника ханшайымға арнап мадақтау өлеңдерін жазған. Ақынның тек 30 идиллиялар жинағы мен 23 эпиграммасы жеткен. Феокрит — «идиллия» жанрының негізін салушы. Бұл сөз тура мағынасында «көрініс», «шағын пьеса» дегенді білдіреді. Жаңа заманда бұл терминге бір қалыпты, тыныш, қарапайым өмірді бейнелейтін мән берілген. Феокрит идиллиялары мазмұны жағынан келесідей топтастыруға болады:

а) Буколикалық немесе мал бағушылық (малшылық) өлеңдері. 11 санымен (I, III-XI, XX) табиғат аясындағы малшылардың өмірін, өзара айтысы түрінде бейнелейді.

б) Мимдер, 4 санымен (II, XIV, XV, XXI) драмалық көріністерді баяндайды. Мысалы, II идиллиясында жас әйел өзін тастап кеткен сүйген адамын қайтармақ болып магиялық әрекеттерге жүгінгені бейнеленеді. Бұл әрекет оның қолынан келмей, ол түндегі жарық айға өз бақытсыздығын айтып, жас төгіп бұл тығырықтан шығатын жол жоқ екеніне налиды.

Мимдерге қарағанда Феокрит идиллиялары реалистігімен ерекшеленеді. «Сиқыршылар», «Сиракуз әйелдері», «Балықшылар» сияқты идиллияларда Сафрон мимдеріне еліктеушілік байқалады. Бұл туындылар қарапайым балықшылардың өмірін суреттеуге негізделген. Бейнеленген адамдардың өмірі кедейлік тауқыметін тартумен өтеді. Мұндай адамдардың өздерінде жоқ нәрселері түстеріне енеді. Мысалы, олар түсінде үлкен балық аулап алады, қараса алтын балық екен...

Феокрит идиллиялары жеке тұлғаның дамып, күрделене түсуін көрсетеді. Оның өнерін жалғастырушы Бион және Мосх болды. Римдік ақын Вергилий өзінің буколикалық шығармаларында Феокрит тәсіліне еліктеп, оны қайта өрлеу дәуіріне дейін жеткізді.

ПЛУТАРХ

Плутарх (I ғ.). Плутарх — (46-127 ж.) әйгілі грек философы, биограф-қаламгері. Ол Беотии облысында Хероней жерінде ауқатты отбасында дүниеге келеді. Жоғарғы білімді Афиныда алады. Плутарх дельфиялық абыздармен тығыз байланысының арқасында Афины азамттығын алады. Оның бізге жеткен шығармаларын екі топқа бөлуге болады: «Ноика» және «Moralia» деген жалпы атауға ие болған биографиялық не тарихи еңбектері мен философиялық публицистика стилінде жазылған шығармалар.

Бірінші топқа жататын шығармаларынан 46 қатары жеткен, онда 4 биографиялық суреттеулері (Артаксерк, Арат, Гальб және Отон) де кездеседі, қалғаны жетпеген.

Плутархтың еңбектерінің 20 шақтысы арнайы этикаға арналып жазылған. Онда Плутарх барынша адамдарды «қайырымдылыққа үйретуге» тырысады, өмірден алынған даналық сөздер мен ақын адамдардың сөздерімен толықтырады. Плутарх шығармаларындағы мораль дінмен байланыстырылады. Ол ырымшылдыққа қарсы тұрды, сонымен қатар эпикуршілдердің атеизміне және евгемеристтердің прагматикалық рационализміне қарсы шықты.

Плутархтың «Үстел басындағы әңгімелер» атты шығармасында тұлға түсінігі барынша кең мағынада талқыланған. Бұл шығарма 9 кітаптан тұрады. Онда еврейлердің шошқа етінен өздерін тыюы туралы, музалар саны туралы, билердің түрлері жайлы, т.б. жазады. Қаламгер сонымен қатар «Жеті ғұламаның думаны», «Гомердің өмірі», «Философтардың догматтары туралы», «Өзендер туралы» т.б. көптеген туындылары да бар.

Плутархтың жазбалары негізінде еуропалық мәдениетте антикалық тарих туралы пікірлер қалыптаса бастады. Сондықтан да Плутархтың еңбектерін Ағартушылық дәуір ойшылдары, Ұлы француз қайраткерлері және декабристердің ұрпақтары жоғары бағалады.



ГРЕК ҚҰДАЙЛАРЫ

АИД

Аид – ежелгі грек мифологиясында жер асты өлі жандардың патшалығының құдайы. Кронос пен Реяның үлкен ұлы, Зевстің, Посейдонның, Гераның, Деметраның және Гестияның ағасы. Персефонаның күйеуі. Гесиод бойынша, Аид туылғанда, әкесі барлық балаларын жұтып қойды.

Әлемнің үш ағайынды арасында бөлінгеннен кейін, Аидқа жер асты патшалығы берілді.

Аид жер асты қазынасы мен құнарлықтың құдайы деп санаған. Ол жер астынан құнарлылық беріп тұрған.

Гомер бойынша, Аид патшалығын өзі қорғаған. Гомер Аидты жомарт және қонақжай деп санады. Себебі, ажалды ешкім құтыла алмайы.

Кейбір нұсқаларда Аид екінші дәрежедегі кейіпкер. Керексіз, қорқынышты құдай болған. Гомер, Аидты жер асты Зевс деп атайды. Ол аидты ажал құдайы және өз патшалығын өзі қорғап жүреді деп қабылдаған.



АСКЛЕПИЙ (ЭСКУЛАП)


Асклепий (ежелгі рим мифологиясында Эскулап, көне грекше: Ἀσκληπιός, «ашылған») — ежелгі грек мифологиясындағы әр түрлі науқастарға дауа беретін дәру-шипа тәңірісі.[1]. Аполлонның көптеген ұлдарының бірі.

Асклепийға табыфну б.з.б. 5 ғасырдан басталды. Эпидавр қаласына, онан кейін басқа қалаларға кең тараған. б.з.б. 3 ғасырда Римге жайылда. Мұнда оның атын Эскулап деп атаған.

Асклепий ғибдатханаларының шипалы ем орындары бар деген даңқы шықты.

Асклепийдің атымен қазіргі медицинада көптеген терминдер байланысты: оның қызы Гигиеня ("Гигиена") - денсаулық, тазалық санитарияның белгісі; Ясо (емделу тәңірі), Акесо (жазылу тәңірі), Аглия (сұлулықтың тәңірі), Панацея (барлық нәрсенің емшісі).

Гиппократты және Аристотелді Асклепийдің тікелей ұрпағы деп саналады.



Асклепий таяқшасы

Асклепий таяқшасы

Көбіне Асклепий қолына шырмаланып оралған жыланы бар таяқшасымен бейнеленеді. Бұл Асклепий таяқшасы туралы миф бар. Асклепий келе жатқанда таяқшасына жылан оралған. Асклепий жыланды өлтірген кезде басқа жылан, аузына шөп ұстап келіп, өлген жыланға беріп тірілтіп алады. Асклепий осы шөпті тауып алып, адамдарды тірілтетін дәрі тауып шығарған.

Осы асклепий таяқшасы - қазіргі медицина белгісі.



ГЕФЕСТ

Гефест – грек мифологиясында от құдайы, ұсталар мен кәсіпшілердің қолдаушысы және ең мықты ұста.

Мифтар

Гомер бойынша, Зевс пен Гераның баласы. Апаллонның, Арестің, Афинаның, Гебаның және Илифияның ағасы.

Гефест туылғанда, ол ауру және жүдеу бала болып шықты. Гера өз баласын көріп, одан бас тартты және биік Олимпитан лақтырды. Бірақ, теңіз жас құдайды, өлтірмей өз құшағына алды. Гефесттің өгей анасы теңіз құдайы Фетида болды. Үлкен құдай болғанша дейін ол теңіз түбінде тұрып өзінің жақсы көретін жұмысын (тағалау) жасады. Гефесттің шеберханасынан керемет бұйымдар шықты. Оның бұйымдарына еш бір зат әдемілігімен де, беріктігімен де жеткен жоқ.

Ол Зевс пен Гераның баласы екенін біліп, кек қайтарады. Ол еш затқа теңеу таба алмайтын тақ жасап, оны Олимпқа жібереді. Гера өте қуанып кетті, бірақ Гера оған отырса оны көзге көрінбейтін шынжыр байлайды. Құдайлардың еш қайсысы, ол шынжырды шеше алмады. Сол үшін, Зевс Герместі Гефестке шынжырды босатсын деп жібереді. Бірақ, Гефест бас тартты. Сонда, Құдайлар Гефестке Дионисті (шарапшы құдайы) жібереді. Дионис Гефестті мас қылды. Мас Гефестті, Дионис олимпқа оңай жеткізіп салды. Мас болып, ол гераны босатты.



ДИОНИС

Дионис, мифтік қаһарман. Ежелгі грек мифологиясы бойынша Зевстің баласы. Біздің заманымыздан бұрынғы 8-6 ғасырларда оған өсімдік (жүзім) тәңірісі ретінде табынған. Екінші аты Вакх (грекше Вакхос, латынша Бахус). Оның құрметіне Вакханал мейрамы өткізілген. Мұхтар Әуезов «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» деген мақаласында грек құдайлары туралы мағлұматтар келтіріп, «қызық, сауық, ішкілік құдайы» Дионис дейді. Оның аспан мен жердегі судың, діннің құдайы болып, өсімдік шығарып, жаңа туыс туғызатын қасиет иесі екенін айтады. «Құдайға құлшылық, тілек ретінде әуелі құрбан шалады. Құрбандығы теке болатын. Сол текені шалып тұрып, айналасына бар халық жиналып, Дионистің өмірі турасындағы әңгімелерді өлең қылып айтатын. Текені грекше «трагус» дейді. Бері келген заманда осы сөздерден әлгі «трагедия» деген сез шыққан» деп, әдебиет жанрының пайда болу тарихынан хабардар етеді. Ал Эсхил, Софокл, Эврипид заманында Дионис мейрамы жаңғырып, сахнада, арнаулы театрда көрсетілетін болғанын айтады



АНТЕЙ

Анте́й (грек. Άνταῖος, Antaios) — ежелгі грек мифологиясындағы жойқын күш иесінің бірі. Антейге қатысты бербер мифологиясында да ұқсас сюжет кездеседі, демек екеуі бір тамырдан шыққан миф екені анық.

Миф бойынша, Антей жер құдайы Гея (грек. Γαῖα) мен теңіз құдайы Посейдонның (грек. Ποσειδῶν) ұлы[1], Ливияның патшасы болған. Әйелі Тингис.[2] Антейдің күші ерекше жойқын болған және ол жерге денесі тиіп тұрса болды, жер құдайы Геядан (анасынан) шексіз күш-күдірет бойына сіміріп, ешкім оны жеңе алмайтын болған. Ол өз жерінен өткен адамдарды өзімен күресуге мәжбүрлеген және оларды өлтіріп, өз әкесі Посейдонға олардың сүйегінен бір ғибадатқана салуға тырысқан.

Грек батыры Геракл (Геркулес) Ливиядан өтіп бара жатып Антеймен күрескен екен. Антей әр рет жерге жығылғанда денесі жерге тисе болды жарасы қалпына келіп, қайтадан күші тасып шыға келген. Мұны байқаған Геракл оны биікке көтеріп, оның денесін жерге еш тигізбей қойған. Сөйтіп Антейдің күші сарқылып, тұншығып өлген.

Қазір адамдар Антей әңгімесінің мәнін "Рухани күш Материялық негізден ажырап қалмауы керек" дегенге келтіреді. Сондай-ақ, бұл мифология бір адам өзінің отанынан, тегінен, негізінен, тамырынан ажырап қалмауға тиіс, әйтпесе оның күші сарқылып, күйреп жоғалады деген мағынаны да емексітеді.

Ежелгі скульптурада Антей мен Гераклдің күресі негізгі тақырыптың бірі болған. Алигери Дантениң «Күдіретті комедия» еңбегінде де Антей образын Тозақтың тоғызыншы қабатын күзетуші жауынгер ретінде суреттеген. Генрих Гейне Антей туралы мифті өлеңмен жазған.

Грек мифологиясындағы Антей - Посейдон мифі мен Ливия - бербердің осы тектес мифі (грек. Άντι деп аталған) сабақтасып жатқандықтан, тарих атасы Геродот Посейдонды ең алғашында Берберлердің мифі деп, кейін оны Гректер өз мифологиясына қосып алған деп жазады



Геракл мен Антейдің айқасы,
Gregorio de Ferrari сызған

ГЕКАТА

Геката (көне грекше: Ἑκάτη) — ежелгі грек мифологиясындағы ай сәулесінің, о дүниенің және барлық құпия заттардың Құдай. Тағы да, ол мыстандардың да және дуалаушылықтың ерекше белгілерінің де Құдайы болған. Геката Перс алыпының қызы, және оған бұрынғыдай кейбір гректің полетеисттері әлі де табынады. Мүмкін, көз тию ұғымының өзі осы Гекатадан шыққан шығар және оған ғибадатханалар тек ашулы перілер мен грек мифологиясындағы аруақтарды басу үшін ғана салынады.

Гекатаның табынушылығы алдымен фракийцтарда болған, сонан соң олардан гректерге өткен де болжам бар.

Гомердің дастандарында Геката есімі кездеспейді; Гесиодтың «Теогониясында» ол Перс алыпының және Астерияның қызы ретінде кездеседі; баасқа авторлар оны Зевс пен Деметраның немесе Зевс пен Гераның қызы деп атайды. Гесиод бойынша, ол алыптардан қалған билігін өзіне алды, оны Зевс қалдырды.

Нұсқалардың бірі бойынша, Ифигенидің ұрлануы Геката болды. Ферекид, Гекатаны Аристейдің қыздарының бірі деп атаған. Кейде Геката деп Артемиданы атайды.

Диодорда, Гекатаның әкесі, Гелиостың баласы Ээтамен ұқсастырады. Оның мазмұны бойынша, ол өзінің әкесі Персті жіберіп, өзі Тавридің патшайымы болды. Ээтыға күйеуге шығып, Медеяны, Эгиалеяны және Кирканы туды.



ГЕРА

Гера (еж.-грек тілінде "Нра, микен. е-га[1][2]; таб. 'қорғаушысы, ханым') -ежелгі грек мифологиясында неке қиюдың құдайы және әйел босанатын кезде қорғап тұрады. Олимптің он екі құдайының бірі, Зевстің әйелі мен қарындасы. Мифтер бойынша, Гера билеушілік, қаталдық және қызғаншақтық мінезімен ерекшеленеді. Гераны римдіктер – Юнона құдайы деп атаған.

Мифтар

Гера, Кронос пен Реяның үшінші қызы, Зевстің әйелі, Деметраның, Гестияның сіңілісі, Аидтың және Посейдонның қарындасы.

Неке мен балалар

Өзінің ағасы Зевстің әйелі – Метида мен Фемидадан кейінгі үшінші әйелі. Бірақ, олардың жасырын байланысы той болмастан бұрын басталды және Гераның өзі оның ішінде белсенді роль атқарды.

Зевс, Гераны қыз болған кезде сүйіп қалған. Зевс, Гера ұстап алған кішкентай құсқа айналды. Коккигион тауында, Арголидта Зевстің ғибадатханасы бар, оның жанында Прон тауында Гераның ғибадатханасы бар. Зевс пен Гераның некесі 300 жылға дейін құпия болды. Зевс пен Гераның неке қию салтанатты кеші Кносс жерінде, ғибадатхана тұрған, Ферена өзенінен алыс емес жерде рәсімделген.



Балалары - Аргу мен Ангелу. Оленнің Гераға арнап жазған өлеңінде, Гераның Орлар тәрбиелеген балалары - Арес пен Геба туралы айтылады

ГЕСТИЯ

Гестия (еж.-грек. Ἑστία) – ежелгі грек мифологиясында отбасылы ошақ пен құрбандық отының құдайы. Кронос пен Реяның үлкен қызы. Зевстің, Гераның, Деметраның, Аидтың және Посейдонның әпкесі. Римдік Вестаға ұқсайды.

Гестия, Афродитаның жұмысын ұнатпайды. Посейдон мен Аполлон оның қолын сұрады, бірақ ол пәктікті ұстауға уәде беріп, Зевспен бірге тұрады. Оның ескерткіші Фесалияның жолының бойында. Кносс қаласын тұрғызды. Оның суреті афиналық Пританиеда болды. Бұл сурет "пифиялық лаврды билейді" деп аталды. Оның құрбан шалатын жері Эгиядан алыс емес жердегі Зевстің Гомория (Ахайя) деп аталатын шоқ тоғайында орналасқан.

Оған, құрбандыққа шалғанын әрбір шіркеу жорасын атқару алдында алып келіп тұрды, бәрібір, соңғы бөлек немесе қоғам мінезі алып келіп тұрды. Осының арқасында "Гестиямен баста" деген мәтел шықты. Осылай да, оны Гермеспен (құрбандықтың мәні) бірге ардақтайды. Осыны жасаған үшін, жоғары сый-сияпат болады. Қалаларда, оған құрбандық шалатын орындар арналады. Сол құрбандық шалатын орындарда мәңгі от жанып тұрады. Көшірілген колонисттар, осы оттан алып, өз туған жеріне апарды екен.

Оған, Гомердің XXIV мен XXIX өлеңдері және LXXXIV орфалық өлеңі арналған.

Оның атымен, 1857 жылы ашылған астероид арналған.



THE GIUSTINIANI HESTIA.
(Rome, now in the Torlonia Museum.)
[In the original the left hand is nearer the shoulder; the forefinger modern.]



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!**

**Орындаған:
Раимбекова
Назым
ЖҚ 212**